

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

„Дақылдар әні”

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.11.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/20602/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Карасаева Алия Касымғалиевна**Сабақтың тақырыбы:** „Дақылдар әні”**Сабақтың мақсаты:**

1. „Дақылдар әні” өлеңі мәнерлеп оқи отырып, түрлері мен қасиеттерімен танысу.
2. Жаңа сөздер енгізу арқылы сөздік қорларын дамыту. Байланыстырып сойлеу дағдыларын жетілдіру.
3. Еңбек ете білуге, еңбекті сүйеге, еңбекті бағалап, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: суреттер, мақалдар, тірек сызбалар, гербарий.**Сабақтың түрі:** аралас сабақ**Сабақтың әдісі:** дамыта оқыту, ақпараттық технология, сын тұрғысынан ойлау.**Сабақ әдіс — тәсілдері:** сұрақ — жауап, түсіндіру, талдау, жинақтау, топпен жұмыс, мәнерлеп оқыту, қызығушылығын ояту.**Сабақтың барысы:****I. Ұйымдастыру.**

1. Оқушылардың зейінің сабаққа аудару.

Әрбір адам туысым, досым, құрдасым,

сабақ – үйрену, білу, ұлағат.

Әрбір ісім – тірлік, тірек ,

Әрбір сөзім – шындық, бірлік, адалдық.

II. Үй жұмысын тексеру.

Үй тапсырмасы Өткен тақырыптарға шолу.

Балалар қандай тарауды өтіп жатырмыз?(Маужырап барқыт қоңыр күз)

«Конверттегі сұрақтар»

1.Тақырып дегеніміз не?

2.Шығарма идеясы дегеніміз не?

3.Жыл құстарының қайтуы туралы не білесің?

4.Ең биік ұшатын құстарды ата?

5.Ымырт үйірлді сөзі қандай мағына береді(қараңғы түсті)

6.Желі сөзінің мағынасын атаңыз(құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан)

7.Күз өлеңінің авторын ата?

8.Күз туралы шығарған өлеңдерің бар ма?

9.Күзем сөзіне анықтама бер.

10.Шолпан жұлдызы қалай тұрса қыс қатты болады?

III. Жаңа сабақ.

A) Табиғат туралы әңгіме жүргізу.

Мақал.

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,

Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ.

Табиғат нешеге бөлінеді?

Тірі табиғатты ата.

Өсімдіктер тобын ата.

Жемістерді нешке бөлеміз?

Құрғақ жемістерді ата.

Бидай, жүгері, арпа, сұлы қайда өседі?

(Егіс даласында)

Осы дақылдар қандай тұқымнан өнеді? (Дәннен)

Ә) Біз бүгін Әдібай Табылдиевтың „Дақыл әні” атты өлеңімен танысамыз.

Тақтамен жұмыс.

Автор туралы түсінік. Әдібай Табылды — белгілі педагог, ақын, жазушы, ғалым, Қазақтың мемлекеттік Әл — Фараби атындағы Ұлттық университетінің профессоры. Әдібай Табылды 1926 жылы 2 — қаңтарда Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлова ауданы, Жаңатұрмысауылында дүниеге келген.

Балаларға арналған «Бөбеккесөз» (1959) атты жинағынан бастап көп — теген өлеңдер мен қысқа әңгімелер, скетчтер, эпиграммалар жинақтары жарық көрді. «Алыптардың алабы», «Бәрекелді», «Кірпі», «Ғажайып бақ» сияқты ертегі — пьесалары республикалық қуыршақ театрында қойылды. 2001 жылы «Қазақ этнопедагогикасы»

атты оқулығы үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы республикалық сыйлықты иеленді. Періште жүрекақынның тәп — тәтті өлеңдері о бастағы табиғилығын анайныған емес. Оған «Қайырлы таң, балалар!» атты жыр жинағындағы өздеріңе ұсынылып отырған өлеңдері куә. Олай болса біз да қылдарды тереңірек түсіну үшін сабағымызды әрі қарай жалғастырамыз. Әрбір топ дақылдардан өздеріне таңдағандарыңды алып әр орталықтарға бөлініп отырамыз. Әрбір дақылдар суреттеріне қарай орталықтарға бөлінеді:

оқу орталығы (бидай)

жазу орталығы (сұлы)

математика орталығы (тары)

шығармашылық орталығы (күріш)

Орталықтардың тапсырмасы:

Оқу орталығы.

Рөлге бөліп оқу

Жазу орталығы.

«Ас атасы — нан» тақырыбына мына тірексызбалалар қылышы ғарма жаз:

а) Күзгі табиғат: сарғылт тартып жапырақ, маужырап барқыт қоңыр күз, сап — сары кілем төселген сияқты, шықтамшылары моншақтай, бұлттар ә) Ас атасынан, күлім қаққана дамдар, күз — қауырт жұмыстың көзі.

Математика орталығы.

1. Арман мен Айгүл Омар атайға дақылдарды машинаға тиісті. Олар түске дейін 50 қап, ал түстен кейін одан 10 қапартық тиеді. Олар барлығы қанша қап тиеді?

2) Омар атай Арман, Марат және Айдосқа күріш, бидай, тары берді. Арман тары, күріш алмады. Марат тары алған жоқ. Ал Айдос болса Арман мен Мараттың алмағандарына алды. Балалар қандай өнім алды?

Шығармашылық орталығы.**2. Түсінік беру.**

Бидай — жер бетіндегі астық дақылы. Біздің елдегі бидайдың түсі алтын реңдес болады. Ал, Африкадағы, Австралиядағы, Эфиопиядағы бидайдың түрі — күлгін болады.

Тары – астықтұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік. Күндікөп қажет етеді, климаты жылы аймақта өсіріледі. Ақтөбе, Қызылорда, Орал облыстарында өсіріледі. Қауызын антазартылған, ақталғантарыны сөк деп атайды.

Сұлы – ауыл шаруашылығында бидайдан кейін үшінші орында.

Қатқыл қауыздың ішінде уылжыған ұзынша дәні болады. Сұлы ұнынан шелпек, құймақ, тоқаш пісіреді, кисель және тәтті күлшелер жасайды.

Күріш – Отаны Үндістан, Үндіқытай, ал біздің елімізде Қызылорда, Қаратал өңірінде өсіріледі. Күріш суы мол, ылғалды жерлерде өсіріледі. Күріштің крахмал, қант, спирт алынады, ал сабағынан өте мықты қағаз, жоғары сапалы картон, сумка, жазғы қалпақ та тоқылады.

Арпа – астықтұқымдасқа жататын дәнді дақыл. Арпаның 30 – ға жуық түрі бар.

Арпаның тамыры шашақты, тамыры 1 м тереңдікке дейін кетеді.

Арпа бидайдан кейін екінші орында. Ол барлық облыста өседі.

б) Сөздікпен жұмыс.

Қауыз – дәннің сыртындағы қабығы.

Сөк – қабығын антазартылған тары

Қарымы – өлшеуі, ақысы.

Оқулықпен жұмыс:

ә) Мақсатты оқу әдісі:

Ең қадірлі тағам түрі туралы қай шумақта айтылған ?

Бидай өлең жолын мәнерлеп оқыту.

Елдіңырыс — құтынарттыратын өлең жолдары қай шумақта айтылған ?

Арпа туралы мәнерлеп оқыту.

Қандай сұраққа жауап беретін түрталық айтылған шумақты кімоқып береді ?

Әсіресе жылқы малы жақсы көретін дақыл туралы қай шумақта айтылған ?

Сұлы туралы өлеңді мәнерлеп оқыту.

Осы дақылдардың ішінде суды өтекере кететін дақыл туралы қай шумақта айтылған ?

Күріш туралы мәнерлеп оқыту.

XIII. Қорытынды:

«Серпілген сауал»

-Күріштің Отанын ата?

-Біздің елде қай жерде өсіріледі?

-Күріштің сабағынан не өндіреді?

-Арпаның неше түрі бар?

-Қауызынан тазартылған тарыны қалай атаймыз?

-Сұлы бидайдан кейін нешінші орында тұр?

-Арпаның тамыры неше метрге дейін тереңдікке кетеді?

-Біздің елдегі бидайдың түсі қандай?

Дәнді дақылдардың пайдасы

Нан, сусын

Малға азық, құстарға жем

Емдік қасиеттері бар

Қағаз, тамақ болады

XIV. Үйге тапсырма: Өлеңді жаттау.

XV. Бағалау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.